

"Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 209 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 16 сәуірде № 34261 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10007 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну Қағидаларында:

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Шығыстардың түрлері бойынша есептеулер шығыстардың экономикалық сыныптамасының әрбір ерекшелігі бойынша Қағидаларға 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 22-1, 22-2, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жоспарлы кезеңнің әрбір жылына беріледі.";

21-тармақтың оныншы бөлігі алып тасталсын;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. 01-112-нысаны (17-қосымша) қосымша ақшалай төлемдер шығындарын есептеуге арналған.

Осы нысан № 646 қбп Қаулысына сәйкес әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің, судьялардың, алыс және таяу шет елдердегі Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшілерінің, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шет елдердегі мекемелері қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің, құқық қорғау органдары, Ішкі істер министрлігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдары қызметкерлерінің қосымша ақшалай төлемдері: жоспары бойынша мемлекеттік орган басшысының шешімімен белгіленген лауазымдық қызмтақыларға үстемеақыларды; мемлекеттік органдардың орталық аппараттары әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне сыйлық, мемлекеттік кірістер органдарының

қызметкерлеріне және Қазақстан Республикасы көлік және әділет министрліктерінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына біржолғы ақшалай сыйақылар мен үстемеақылар төлеуге есептеуге арналған.";

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"26. 01-121-нысан (21-қосымша) әлеуметтік салықты төлеу шығыстарын есептеуге арналған.

Жоспарлы кезеңге арналған әлеуметтік салық сомасын есептеу кезінде "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексін (бұдан әрі – Салық Кодексі) басшылыққа алу қажет.";

мынадай мазмұндағы 27-1 жән 27-2-тармақтармен толықтырылсын:

"27-1. 01-124-нысан (25-қосымша) Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар төлеу шығыстарын есептеуге арналған.

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар сомасын есептеу кезінде "Міндетті медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңын басшылыққа алу қажет.

27-2. 01-123 және 02-123-нысандар (22-1 және 22-2-қосымшалар) 123 "Міндетті сақтандыру жарналары" ерекшелігі бойынша шығыстарды есептеуге арналған.

01-123-нысан (22-1-қосымша) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеуге арналған.

22-1-қосымшаны теңгерімінде көлік құралдары есепке алынған мемлекеттік мекемелер көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға арналған шығыстар сомасын анықтау үшін толтырады.

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу кезінде "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабын басшылыққа алу қажет.

02-123-нысан (22-2-қосымша) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеуге арналған.

Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу кезінде "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабын басшылыққа алу қажет.";

мынадай мазмұндағы 41-1-тармақпен толықтырылсын:

"41-1. 03-159-нысан (50-қосымша) үй-жай үшін жалдау ақысын төлеу шығыстарын есептеуге арналған. Жоспарланатын шығыстарды негіздеу үшін "Мемлекеттік сатып

алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 2-бабының 29) тармағында белгіленген тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге бағаналардың дерекқорын ескере отырып, ағымдағы қаржы жылы үшін-жайлар мен ғимараттарды жалдау туралы шарттардың көшірмелері ұсынылады.";

мынадай мазмұндағы 46-1-тармақпен толықтырылсын:

"46-1. Шығыстардың экономикалық сыныптамасының 133, 154, 155, 156, 157, 158, 163, 164, 165, 166, 167, 211, 212, 221, 321, 322, 323, 331, 332, 339, 341, 359, 361, 411, 412, 417, 418, 419, 421, 422, 423, 429, 431, 432, 433, 434, 435, 441, 451, 511, 512, 513, 514, 519, 521, 531, 541, 611, 612, 621, 711, 712, 713, 714, 715, 721 және 722-ерекшеліктері бойынша жоспарланатын шығыстардың түрлері жөніндегі есептеулер еркін нысанда жасалады.

Қорлар мен негізгі құралдарды сатып алуға арналған шығыстарды жоспарлаған кезде есепке қорлар немесе негізгі құралдардың әрбір түрлері бойынша кем дегенде үш прайс-парақтар қоса беріледі.

421, 423 және 435-ерекшеліктер бойынша міндетті тәртіпте есептеулерді ұсыну кезінде мемлекеттік мекемелер жобалау-сметалық құжаттамаға және жұмыстардың (қызметтердің) құнын негіздейтін құжаттарға мемлекеттік сараптаманың немесе кешенді ведомстводан тыс сараптаманың қорытындысын ұсынады, ал қорларды сатып алуға арналған есептеулерге ағымдағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мемлекеттік мекеменің теңгерімінде тұрған қорлардың іс жүзіндегі қалдықтарының болуы туралы ақпаратты және ағымдағы жылдың жоспарын ұсынады.

Мәслихат депутаттарына олардың негізгі жұмыс орны бойынша орташа жалақыны өтеу жөніндегі шығыстарды есептеу "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 22-бабына сәйкес осы қызметте 1 (бір) жылға дейінгі жұмыс өтілі бар тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімі аппараты басшысының жалақысынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады. Есептеуге жұмыс берушілердің Салық кодексінің 12-бөліміне сәйкес әлеуметтік салық бойынша жарналары және Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 18-тарауына сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдары кіреді.

164-ерекшелік бойынша есептеуді ұсынған кезде "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекіту және "Болашақ" халықаралық стипендиясын жұмсау бағаналарын айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысына сәйкес шетелдік жоғары оқу орындары (әлемнің ғылыми орталықтары мен зертханалары) мен ""Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамын құрудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі № 301 қаулысына сәйкес шетелде кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру халықаралық бағдарламаларын іске асыру жөніндегі қызметтерді,

оның ішінде "Болашақ" халықаралық стипендиясын беруші болып анықталған заңды тұлға арасында жасалған шарттардың көшірмелері ұсынылады.

Өкілдік шығындарға арналған шығыстарды жоспарлау кезінде "Өкілдік шығындар" бөлінетін бюджеттік бағдарламасын бөлу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы № 11-1-2/66 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14926 болып тіркелген) бекітілген өкілдік шығындар нормаларын басшылыққа алу қажет.

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды іске асыруға арналған шығыстар қаржылық-экономикалық негіздемеде айқындалған бюджеттік инвестицияларды іске асыру мерзімдеріне сәйкес жоспарланады.

158 "Ақпараттандыру саласындағы жұмыстар мен қызметтерге ақы төлеу" ерекшелігі бойынша есепті ұсынған кезде "Ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шығыстардың есеп-қисабын жасау, ұсыну және қарау жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушы 2016 жылғы 16 наурыздағы № 274 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13631 болып тіркелген) бекітілген ақпараттандыру саласындағы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға арналған шығындардың жалпы тізбесін басшылыққа алу керек .";

мынадай мазмұндағы 56-1-тармақпен толықтырылсын:

"56-1. 01-413-нысан (62-қосымша) автомобиль көлік құралдарын сатып алу шығыстарын есептеуге арналған.";

осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес 17-қосымшасы жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 22-1 және 22-2-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

М. Такиев

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2024 жылғы 15 сәуірдегі
№ 209 Бұйрығына
1-қосымша
Бюджеттік өтінімді жасау
және ұсыну қағидаларына
17-қосымша
01-112-нысан

Қосымша ақшалай төлемдердің шығындарын есептеу

		Кодтары			
Жылы		_____			
Деректер түрі (болжам, жоспар, есеп)		_____			
Функционалдық топ		_____			
Бағдарламалардың әкімшісі		_____			
Мемлекеттік мекеме		_____			
Бағдарлама		_____			
Ерекшелік		_____			
Қосымша ақшалай төлемдер					
Лауазымдар санаты	А й ы н а лауазымдық жалақының сомасы (7 баған 01-111 нысаннан)	Жалақының ұлғаюы (29 баған 01-111 нысаннан)/12 (жыл сайын)	Сыйлықақы үшін жылына е к і лауазымдық жалақының сомасы (баған2+ баған3) x2	Мемлекеттік кірістер органдарының қызметкерлеріне және Қазақстан Республикасы көлік және әділет министрлікте рінің құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына біржолғы ақшалай сыйақылар мен үстемеақылар	Барлығы (баған 4+ баған5)

1	2	3	4	5	6
Өлшем бірлігі	мың теңге		мың теңге	мың теңге	

Орталық атқарушы органның аппарат басшысы/
 мемлекеттік мекеме басшысы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Бюджеттік бағдарлама басшысы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Бас бухгалтер/қаржы-

экономикалық бөлімінің бастығы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Қазақстан Республикасының
 Қаржы министрі
 2024 жылғы 15 сәуірдегі
 № 209 Бұйрығына
 2-қосымша
 Бюджеттік өтінімді жасау
 және ұсыну қағидаларына
 22-1-қосымша
 01-123-нысан

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу

	Кодтары
Жылы	_____
Деректер түрі (болжам, жоспар, есеп)	_____
Функционалдық топ	_____
Бағдарламалардың әкімшісі	_____
Мемлекеттік мекеме	_____
Бағдарлама	_____
Ерекшелік	_____

Көлік құралының түрі	Көлік құралының түрі бойынша коэффициент мөлшері *	Алматы облысы	Түркістан облысы	Шығыс Қазақстан облысы	Қостанай облысы	Қарағанды облысы	Солтүстік облысы
		көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны
1	2	3	4	5	6	7	8
Өлшем бірлігі	коэффициент	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік
Жеңіл автомобильдер							
7 жылға дейінгі жеңіл							

автомобильдер							
7 жылдан асатын жеңіл автомобильдер							
16 жолаушылар орнына дейін қосалғандағы автобустар							
16 жолаушылар орнына дейін қосалғандағы автобустар (7 жылға дейінгі)							
16 жолаушылар орнына дейін қосалғандағы автобустар (7 жылдан асатын)							
жолаушылар орны 16-дан асатын автобустар							
жолаушылар орны 16-дан асатын автобустар (7 жылға дейінгі)							
жолаушылар орны 16-дан асатын автобустар (7 жылдан асатын)							
Жүк көліктері							
Жүк көліктері (7 жылға дейінгі)							

Ж ү к көліктері (7 жылдан асатын)							
Троллейбус т а р , трамвайлар							
Троллейбус т а р , трамвайлар (7 жылға дейінгі)							
Троллейбус т а р , трамвайлар (7 жылдан асатын)							
Мотокөлік							
Мотокөлік (7 жылға дейінгі)							
Мотокөлік (7 жылдан асатын)							
Тіркемелер (жартылай тіркемелер)							
Тіркемелер (жартылай тіркемелер) 7 жылға дейінгі							
Тіркемелер (жартылай тіркемелер) 7 жылдан асатын							
Жиыны	x						

кестенің жалғасы

Ақмола облысы	Павлодар облысы	Жамбыл облысы	Ақтөбе облысы	Батыс Қазақстан облысы	Қызылорда облысы	Атырау облысы	Маңғыстау облысы
көлік құралдарын ың саны	көлік құралдарын ың саны	көлік құралдарын ың саны	көлік құралдарын ың саны	көлік құралдарын ың саны	көлік құралдарын ың саны	көлік құралдарын ың саны	көлік құралдарын ың саны
9	10	11	12	13	14	15	16
бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік

кестенің жалғасы

Абай облысы	Жетісу облысы	Ұлытау облысы	Алматы қаласы	Астана қаласы	Шымкент қаласы	Жарна сомасы **
көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	
17	18	19	20	21	22	23
бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	мың теңге

Орталық атқарушы органның аппарат басшысы/

мемлекеттік мекеме басшысы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Бюджеттік бағдарлама басшысы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Бас бухгалтер/қаржы-

экономикалық бөлімінің бастығы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Ескертпе:

* Бұл баған "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес толтырылады;

** Бұл баған былайша есептеледі: ((1,9 x 2-баған x коэффициент көлік құралын пайдалану мерзіміне байланысты x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициент (Астана, республикалық маңызы бар қала және облыстық маңызы бар қала үшін) x 3-баған)+(1,9 x 2-баған x коэффициент көлік құралын пайдалану мерзіміне байланысты қаражат x 1,2 x транспортты тіркеу аумағы бойынша коэффициент (астана, республикалық маңызы бар қала және облыстық маңызы бар қала үшін) x 4-баған)+(1,9 x 2-баған x көлік құралын пайдалану мерзіміне байланысты коэффициент x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициент (астана, республикалық маңызы бар қала және облыстық маңызы бар қала үшін) x 5-баған)+(1,9 x 2-баған x коэффициент көлік құралын пайдалану мерзіміне байланысты x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициент (астана, республикалық маңызы бар қала және облыстық маңызы бар қала үшін) x 6-баған)+(1,9 x 2-баған x коэффициент көлік құралын пайдалану мерзіміне байланысты x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициент (астана, республикалық маңызы бар қала және облыстық маңызы бар қала үшін) x 7-баған)+(1,9 x 2-баған x коэффициент көлік құралын пайдалану мерзіміне байланысты x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициент (астана, республикалық маңызы бар қала және облыстық маңызы бар қала үшін) x 8-баған) + (1,9 x 2-баған x коэффициент көлік құралын пайдалану мерзіміне байланысты x 1,2 x көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициент (астана, республикалық маңызы бар қала және облыстық маңызы бар қала үшін) x 9-баған)+(1,9 x 2-баған x

2024 жылғы 15 сәуірдегі

№ 209 Бұйрығына

3-қосымша

Бюджеттік өтінімді жасау

және ұсыну қағидаларына

22-2-қосымша

02-123-нысан

Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру кезіндегі сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін есептеу

	Кодтары
Жылы	<input type="text"/>
Деректер түрі (болжам, жоспар, есеп)	<input type="text"/>
Функционалдық топ	<input type="text"/>
Бағдарламалардың әкімшісі	<input type="text"/>
Мемлекеттік мекеме	<input type="text"/>
Бағдарлама	<input type="text"/>
Ерекшелік	<input type="text"/>

Көлік құралының түрі	Жылдық сақтандыру сыйлықақысының коэффициент мөлшері *	Алматы облысы	Түркістан облысы	Шығыс Қазақстан облысы	Қостанай облысы	Қарағанды облысы	Солтүстік облысы
		көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны
1	2	3	4	5	6	7	8
Өлшем бірлігі	коэффициент	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік
Жеңіл автомобильдер, автобустар, шағын автобустар:							
жолаушылар орны 4-ке дейін, қосалғанда							
жолаушылар орны 4-тен 7-ге дейін, қосалғанда							
жолаушылар орны 7-ден 16-ға дейін, қосалғанда							

жолаушылар орны 16-дан 30-ға дейін, қосалғанда							
жолаушылар орны 30-дан көп							
Трамвайлар, троллейбустар							
Жиыны	x						

кестенің жалғасы

Ақмола облысы	Павлодар облысы	Жамбыл облысы	Ақтөбе облысы	Батыс Қазақстан облысы	Қызылорда облысы	Атырау облысы	Маңғыстау облысы
көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны
9	10	11	12	13	14	15	16
бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік

кестенің жалғасы

Абай облысы	Жетісу облысы	Ұлытау облысы	Алматы қаласы	Астана қаласы	Шымкент қаласы	Жарнасомасы **
көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	көлік құралдарының саны	
17	18	19	20	21	22	23
бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	бірлік	мың теңге

Орталық атқарушы органның аппарат басшысы/

мемлекеттік мекеме басшысы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Бюджеттік бағдарлама басшысы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Бас бухгалтер/қаржы-

экономикалық бөлімінің бастығы _____

(қолы) (аты-жөні (болған жағдайда))

Ескертпе:

* Бұл баған "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес толтырылады;

** Бұл баған былайша есептеледі: ((2-баған x 3-баған)+(2-баған x 4-баған)+(2-баған x 5-баған)+(2-баған x 6-баған)+(2-баған x 7-баған)+(2-баған x 8-баған)+(2-баған x 9-баған) +(2-баған x 10-баған)+(2-баған x 11-баған) + (2-баған x 12-баған)+(2-баған x 13-баған)+(2-баған x 14-баған)+(2-баған x 15-баған)+(2-баған x 16-баған)+(2-баған x 17-баған)+(2-баған x 18-баған)+(2-баған x 19-баған) +(2-баған x 20-баған) +(2-баған x 21-баған) +(2-баған x 22-баған)) x айлық есептік көрсеткіш/1000.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ